

## Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 қаңтар N 74. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.10. N 285 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бір ай мерзімде өзінің нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.
3. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 21 қаңтардағы  
N 74 қаулысымен

бекітілген

### **Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкалары**

1. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) кезінде азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкасы алым төленетін күні қолданылатын жеті еселенген айлық есептік көрсеткішті құрайды.

2. Оның мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың телнұсқасын алу кезінде азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкасы осы қосымшаның 1-тармағында белгіленген ставканың елу пайызын құрайды.